ПО СРАВНЕНИЮ С ПРОШЛЫМ ГОДОМ ОБЪЕМЫ ПЕРЕВОЗОК ПО ТРАНСКАСПИЙСКОМУ МЕЖДУНАРОДНОМУ ТРАНСПОРТНОМУ МАРШРУТУ ВЫРОСЛИ НА 65% И СОСТАВИЛИ 2,8 МИЛЛИОНА ТОНН. НАРАВНЕ С ЭКСПОРТОМ ОТМЕЧАЕТСЯ РОСТ И ИМПОРТНОГО ГРУЗОПОТОКА. ЭТО, В СВОЮ ОЧЕРЕДЬ, ПОКАЗЫВАЕТ ЗАИНТЕРЕСОВАННОСТЬ ЕВРОПЕЙСКИХ КОМПАНИЙ В МАРШРУТЕ ТМТМ. ТАКЖЕ ВЕДУТСЯ ПЕРЕГОВОРЫ С УПОЛНОМОЧЕННЫМИ ОРГАНАМИ И КОМПАНИЯМИ СОСЕДНИХ ГОСУДАРСТВ ПО ПРИВЛЕЧЕНИЮ ЭКСПОРТА НА МАРШРУТ ТМТМ, В ТОМ ЧИСЛЕ ПО ВОПРОСАМ ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ МЕР ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ ДАННЫМ ПЕРЕВОЗКАМ.

Марат КАРАБАЕВ,
министр транспорта РК

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№20 (2950)
01/03/2024

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА: Время принимать инновационные решения

Глава государства посетил Инновационный центр АО «НК «ҚТЖ». В ходе мероприятия Президент Касым-Жомарт Токаев в формате телемоста принял участие в церемонии открытия Транспортно-логистического центра в Сиане (КНР), сообщает Акорда.

Отметив важность создания центра для отрасли и в целом для казахстанско-китайских отношений, Глава государства дал старт работе объекта. Данному событию предшествовала договоренность лидеров Казахстана и Китая о строительстве в сухом порту Сианя логистического центра, который соединит китайский город Шэньси с Казахстаном, Центральной Азией и далее с Европой.

Город Сиань является узловым транзитным центром Китая, а сухой порт – крупнейший в этой стране. Здесь формируется до 40% от общего объема контейнерных поездов сообщением КНР – ЕС.

Проектная мощность казахстанского терминала в сухом порту Сианя составляет более 66,5 тысячи ДФЭ (двадцатифутовый эквивалент) в год. Терминал откроет для экспортеров из нашей страны доступ на новые рынки сбыта, значительно сократит сроки доставки грузов и позволит усилить позиции Казахстана в качестве надежного транзитного хаба в Евразии.

Затем Президент открыл новый Инновационный центр, созданный АО «НК «ҚТЖ» совместно с китайской компанией Huawei.

Как сообщил председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Нурлан Сауранбаев, данный центр создан для реализации проекта «Умная железная дорога». Главе государства были презентованы цифровые решения, направленные на повышение эффективности работы железнодорожного транспорта. Проекты осуществляются с привлечением мировых лидеров в области IT и телекоммуникаций.

На сегодняшний день ҚТЖ совместно с PSA разработан и запущен бесшовный цифровой коридор на Транскаспийском маршруте. Система экономит время и делает процесс перевозки максимально прозрачным, а Казахстан – привлекательным для торговых потоков. Реализуется пилотный проект системы по эффективному использованию локомотивов компании Wabtec.

Ведется работа по модернизации инфраструктуры и услуг ҚТЖ с использованием облачных решений, Big Data, Интернета вещей (IoT) и искусственного интеллекта (AI).

В своем выступлении Глава государства подчеркнул важность открытия Транспортно-логистического и Инновационного центров.

– Это проект, запущенный в рамках глобальной инициативы «Один пояс, один путь». Казахстан полностью поддерживает инициативу, о которой председатель Си Цзиньпин объявил в 2013 году в нашей стране. Благодаря этой инициативе строительство центра было завершено в кратчайшие сроки. Все это результат успешного партнерства между двумя странами. Данный проект придаст новый импульс развитию Транскаспийского международного транспортного коридора, а также укрепит торгово-экономическое сотрудничество в Евразии. В строительстве этого центра приняли участие специалисты из Казахстана и Китая. Я выражаю всем задействованным лицам огромную благодарность, – отметил он.

Президент положительно оценил комплексные меры, принимаемые для превращения Казахстана в главный транзитный хаб на континенте. При этом он считает, что для достижения подлинной конкурентоспособности необходимо принимать инновационные решения, отвечающие современным требованиям.

– На недавнем расширенном заседании Правительства я уделил особое внимание вопросу цифровизации всех сфер экономики. В Казахстане сформирован прочный фундамент для внедрения передовых IT-решений. Отечественная железнодорожная отрасль должна безотлагательно включиться в цифровую гонку. Определенный задел, как мы сегодня увидели, имеется. За счет ускоренной цифровизации нам предстоит в самом ближайшем будущем значительно повысить эффективность перевозок и оптимизировать расходы. Это придаст мощный импульс развитию не только транспортно-логистической сферы, но и всей экономики. Важно, чтобы IT-решения не внедрялись разрозненно, а комплексно дополняли друг друга, создавая единую цифровую экосистему, – заявил Касым-Жомарт Токаев.

Для выполнения данной задачи Глава государства считает необходимым привлекать отечественные компании.

– Я полностью поддерживаю предложение о привлечении к этой работе отечественных IT-компаний. Таких компаний и специалистов в стране немало. Необходимо наладить эффективные связи с мировыми IT-компаниями. Такая стратегия должна реализовываться во всех отраслях экономики, – подытожил свое выступление Президент.

После ознакомления с инновационными проектами национальной компании «Қазақстан темір жолы» Президент Касым-Жомарт Токаев встретился с ветеранами железнодорожной отрасли. Участники встречи отметили рост грузоперевозок в последние годы и подчеркнули, что транспортный сектор играет ведущую роль в национальной экономике. В честь 120-летия железной дороги Казахстана ветераны с наилучшими пожеланиями вручили Главе государства фонарь железнодорожника.

Асель ШАЙХЫНОВА, Астана
Фото с сайта Akorda.kz

РАСШИРЯЯ СФЕРУ ЛОГИСТИКИ

АО «KTZ Express», АО «Узавтосаноат» и АО «Centrum Logistics Group» договорились об организации совместного сервиса по маршруту Алтынколь – Аблык – Костанай – Алтынколь.

В целях увеличения объемов перевозок стороны договорились об организации совместного сервиса по отправлению 30 контейнерных поездов в месяц по данному маршруту. В рамках данного соглашения будет осуществляться поставка комплектующих и запасных частей для ООО «Khorezm Auto» в городе Питнаке.

На сегодня АО «Узавтосаноат» осуществляет перевозки по всему миру в сотрудничестве с лидером автомобилестроительной отрасли Узбекистана и ООО «UZLOGISTIC». Среднегодовой объем перевозок – более 60 тысяч ДФЭ.

Таким образом, сотрудничество с группой компаний АО «Centrum Logistics Group» открывает новые возможности для АО «KTZ Express», так как компания имеет гибкую систему построения деятельности, основанной на принципах обеспечения безопасности, оптимизации стоимости и сокращения сроков доставки грузов.

К слову, достигнутые договоренности укрепят позиции АО «KTZ Express» в сфере транспортно-логистических услуг и продемонстрируют стремление компании к устойчивому росту и увеличению объемов перевозок.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ

УКРЕПИТЬ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ

В Вильнюсе обсудили вопросы транспортно-логистического и торгово-экономического сотрудничества, а также взаимодействия в области цифровых технологий Казахстана и Литвы.

Рабочая встреча состоялась в рамках подготовки к предстоящему 14-му заседанию казахстанско-литовской Межправительственной комиссии по торгово-экономическому сотрудничеству.

В ней приняли участие генеральный директор СТК «Kazlogistics» Ерлан Абсатов, вице-министр торговли и интеграции РК Кайрат Торебаев, посол Республики Казахстан в Литве Тимур Уразаев, президент Конфедерации промышленников Литвы Видмантас Янулявичюс, члены Казахстанско-Литовского делового совета.

Стороны обменялись мнениями по расширению торгово-экономического и инвестиционного партнерства, в том числе договорно-правовой базы, взаимодействия в области цифровых технологий. Отмечалось, что объем взаимной торговли между Казахстаном и Литвой за 2023 год составил 223,6 миллиона долларов, в том числе экспорт – 92,9 миллиона долларов, импорт – 130,7 миллиона.

В экономике Литвы около 13 процентов от ВВП занимают транспорт и логистика. Литва имеет крупнейший на Балтийском море по грузообороту незамерзающий порт в городе Клайпеде. Страна заинтересована в восстановлении в наращивании тесного сотрудничества с Казахстаном в рамках ТМТМ.

Роман ЛЮБИМОВ

Нұрлан ЖАЙСАҢБАЕВ,
«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» филиалы Қызылорда қосалқы бөлімінің Тасымалдауды ұйымдастыру және шарттар бөлімінің бастығы:

АЙ САЙЫНҒЫ ТАСЫМАЛ ЖОСПАРЫ ОРЫНДАЛЫП ОТЫРҒАНДЫҚТАН АЙМАҚ БЕКЕТТЕРІНДЕГІ КӨМІР ҚОЙМАЛАРЫНДА ҚАТТЫ ОТЫНҒА ДЕГЕН ТАПШЫЛЫҚ БОЛҒАН ЕМЕС. БҮГІНГІ КҮНГІ МӘЛІМЕТКЕ СҮЙЕНСЕК, СЕКСЕУІЛ СТАНЦИЯСЫНДА 276 ТОННА КӨМІР, АРАЛ ТЕҢІЗІ БЕКЕТІНДЕГІ ҚОЙМАЛАРДА 1932 ТОННА, ҚАЗАЛЫ СТАНЦИЯСЫНДА 4072 ТОННА, ЖОСАЛЫДА 404 ТОННА КӨМІР БОЛСА, ШИЕЛІ СТАНЦИЯСЫНДАҒЫ КӨМІР САҚТАУ ОРЫНДАРЫНДА 9104 ТОННА КӨМІР ҚОРЫ БАР

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

1 млн тонн
ГРУЗОВ ОТПРАВЛЕНО НА ЭКСПОРТ В КНР ПО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ ЗА ЯНВАРЬ 2024 ГОДА.

ОБЩИЙ ОБЪЕМ ИНВЕСТИЦИЙ НА РАЗВИТИЕ ТЕРМИНАЛОВ В ПОРТАХ АКТАУ И КУРЫК СОСТАВИТ ПОРЯДКА
618 млн долларов.

С НАЧАЛА 2024 ГОДА ВЫЯВЛЕНО
6 179
ФАКТОВ НАРУШЕНИЯ ПРАВИЛ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ НА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОМ ТРАНСПОРТЕ.

100 жас есім

ЖАСТАРҒА ЖАҢА СЕРПІН СЫЙЛАДЫ

Шымкентте «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «100 жас есім» жобасы аясында алғашқы модульдік оқу күндері өтті. «Алма тау» сауықтыру орталығында үш күнге жалғасқан оқу-әдістемелік жиынға ел өңірлерінен 80 жуық жас теміржолшы қатысты.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Басқосудың басты ұйымдастырушысы Әлеуметтік саясат департаментінің жетекшілері мен жауапты мамандары болды. Мекеме менеджері Жақсылық Молдақұловтың айтуынша, алдын ала бекітілген тақырыптық бағдарлама аясында салада еңбек етіп жатқан белсенді жастарды кәсіби тұрғыда ғана дамытып қоймай, азамат ретінде де өзін-өзі өсіру көзделуде. Сондай-ақ жоба аясында қатысушыларға уақыт талабы мен заман ағымына сай озық үлгідегі технологиялық және әдістемелік жобалар таныстырылып, жүзеге асыру тетіктері талқыланды. Атап айтқанда, сапа менеджментінің жүйесі (СМЖ) бойынша ішкі оқытулар мен жобаларды басқарудың тиімділігі, жобаны жүзеге асыру кезіндегі өзгерістер мен жоба жетістігі талқыланып, практикалық сабақтар өтті.

Ал панельдік сессиялар форматында «100 жас есім» жобасының 9 өкілі спикер ретінде өз тәжірибелерімен бөлісті. Мәселен, «100 жас есім» жобасы аясында тұлғалық даму әлеуетін аша білген Махамбет Кенжеғараевтың қызметтік карьерасы да өскен. Ол бұл жиынға станция бастығы ретінде қатысып, өзінің ой-пікірін ортаға салды.

– Мұндай басқосулар адамның көшбасшылық қабілет-қарымын дамыту үшін өте қажет деп санаймын. Одан бөлек, бұл жоба теміржолшылар арасында білім-білігі жоғары әрі белсенді көшбасшылар легінің қалыптасуына оң әсер етеді, – дейді ол.

Сонымен қатар Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясының IT-серіктесі Ілияс Ахметов жобаларды басқару мен іске асыру тетіктері туралы айтты. Сол сияқты Ақтау теңіз портының еңбек қауіпсіздігін қорғау және өндіріс инженері Салима Баубекова, «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолсерігі, «Темір аю» жобасының жетекшісі Диана Бимбетова, Көпсалалы қызмет көрсету орталығы Семей станциясы бойынша филиалдың аймақтық есепке алу тобының жетекшісі Мәди Нұртаев, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» филиалы Маңғыстау бөлімшесінің өндірістік қамтамасыз ету секторының инженер-технологы Асхат Шарапатдинов, Шымкент магистральдық желі бөлімшесі филиалының қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы Назарбай Ыбышев

сынды жастар жиынға белсенді қатысып, өз тәжірибелерін ортаға салды.

Басқосу қорытындысы бойынша модульаралық жұмыстар аясында командалық жобаларды келесі модульге дейін сүйемелдеу жүргізілетін болып шешім қабылданды. Яғни тапсырмаларды тиянақтау мен даму прогресін зерделеу, мобильді топтармен кеңесе отырып, проблемалық түйіндерді тарқату тетіктері іске асырылады. Оған қоса жиын қатысушылары 15 командалық топ ретінде қолға алған жобалар 3 ай бойы трекер-сарапшылар тарапынан сүйемелденеді. Осы мақсатта трекер-сарапшылар мен командалардың айына 2 реттен 3 айда 6 кездесу өткізу жоспарланған. Айта кетейік, «100 жас есім» жобасының келесі басқосуы мамыр айында өтеді деп күтілуде.

ҮШ ЕЛДІҢ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРНЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Қазақстан, Ресей және Түркіменстан Солтүстік-Оңтүстік көлік дәлізін дамыту үшін бірлескен кәсіпорын құруды жоспарлап отыр. Бұл туралы Маңғыстауда Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің қатысуымен өткен Солтүстік-Оңтүстік және ТХКБ көлік дәліздерін дамыту бойынша кеңесте айтылды.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Ақтау порты мен Иранның солтүстік порттары арасында жүктерді тасымалдау жолға қойылған Солтүстік-Оңтүстік дәлізі – баламалы сауда маршруттарын дамыту тұрғысынан өте перспективалы бағыт. Маңғыстау облысы арқылы Солтүстік-Оңтүстік дәлізінің шығыс тармағы өтеді. Кеңесте көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаров айтқандай, сервисті жақсарту, жүктерді жеткізу уақытын қысқарту және аталған көлік дәлізінде «бірыңғай терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсету үшін Қазақстан, Ресей және Түркіменстанның теміржол әкімшіліктері бірлескен кәсіпорын құруды жоспарлап отыр.

«Өткен жылдың қорытындысы бойынша Солтүстік-Оңтүстік дәлізі бойынша теміржол көлігімен тасымалданған жүктердің көлемі 2,1 млн тоннаны құрады, бұл 2022 жылдан 4%-ға артық. 2027 жылға қарай дәліздің көлік әлеуеті жылына 6-дан 10 млн тоннаға дейін ұлғайтылатын болады», – деді Мақсат Қалиақпаров.

Транскаспий халықаралық көлік бағдары – Шығыс-Батыс бағыттарына маңызды балама. Оның өткізу қабілеті 6 млн тонна, 2023 жылы тасымалдау көлемі 2,76 млн тоннаны құрады, бұл 2022 жылдан 65%-ға жоғары. 2024 жылдың басынан тасымалдау 274,2 мың тоннаны құрап, өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 147%-ға арта түскен. ТХКБ-да инфрақұрылымды және терминалдық қуаттарды жақсарту, порттарды кеңейту, жылжымалы құрамды ұлғайту, әкімшілік кедергілерді алып тастау және тасымалдаушылар үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Мұның бәрі 2027 жылға қарай аталған көлік маршрутының өткізу қабілетін жылына 10 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Ең ірі жұмыстардың қатарында «Достық-Мойынты» теміржол учаскесінің екінші жолдарын және «Алматы» айналма теміржол желісін, Ақтау теңіз портындағы контейнерлік хабты, Құрық портындағы «Саржа» көпфункционалды терминалын салу, екі портты да тереңдету.

KT rail-news.kz

№20 (2950) 01/03/2024

БІРЫҢҒАЙ УАҚЫТ БЕЛДЕУІНЕ ДАЙЫНДЫҚ

Ұлан ОРАЗ,
Астана

ЕЛ ТЫНЫСЫ

Көлік министрлігінде бірыңғай уақыт белдеуіне көшуге дайындық мәселелері жөнінде кеңес өтіп, жолаушыларды уақытылы хабардар ету және билеттерді брондау әрі сатуға қатысты жүйелерді жаңарту бойынша тиісті жұмыстарды жүргізу тапсырылған болатын.

Осы ретте «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ көршілес теміржол әкімшіліктерімен бірлесе отырып жолаушылар пойыздарының қозғалыс кестесіне өзгерістер енгізу бойынша шараларды қолға алды. Ұлттық компанияның ақпаратына сәйкес, жолаушылар пойыздарының қозғалысына қатысты барлық өзгеріс ресми сайттар мен интернет-ресурстарда қолжетімді.

Бүгінгі таңда теміржол көлігімен жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау ережелеріне сәйкес барлық жолаушылар пойызына билеттерді сату жүзеге асырылып жатыр. Сондай-ақ жолаушыларды уақытылы хабардар ету үшін қызметкерлер арасында бірыңғай уақыт белдеуіне көшу кезінде жолаушыларды ақпараттандыру және пойыздардың жүру тәртібі туралы тиісті нұсқамалар берілді. Жолаушылар анықтамалық ақпаратты 1433 нөмірі бойынша «Жолаушылар тасымалы» АҚ Бірыңғай анықтамалық қызметі арқылы немесе @KTZH_PP_BOT Telegram ботының көмегімен тегін ала алады.

Естеріңізге сала кетейік, ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 19 қаңтардағы қаулысына сәйкес Қазақстанның барлық аумағында (Астана, Алматы және Шымкент қалалары, Абай, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Жетісу және Ұлытау облыстары) 5-ші уақыт белдеуі қолданылатын болады. Осылайша, бүгін түнде (сағат 00:00-де) жергілікті уақыт 1 сағатқа шегерілді.

ЖҮК ТАСЫМАЛЫ ПРОЦЕСІМЕН ТАНЫСТЫ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

ТӘЖІРИБЕ

Семей ЖТ бөлімшесі үшін қажетті маман даярлауда жергілікті жоғары және арнаулы білім ордаларының маңызы зор. Бұл орайда қаладағы Шәкәрім атындағы университет теміржолшылармен тығыз байланыс орнатқан.

Мәселен, жуырда аталмыш оқу орнының «Логистика және тасымалды ұйымдастыру» бөлімінің 2-ші курс студенттері Семей теміржолына келіп, дәріс түріндегі практикалық сабаққа қатысты.

Айта кетсек, қазіргі таңда Семей ЖТ бөлімшесінің базасында аталмыш университет шәкірттері үшін дуальді оқыту жүзеге асырылады. Осынау шара шеңберінде болашақ теміржолшылар үшін практикалық дәрістер жиі өткізіледі. Бұл жолы студенттердің мамандықтарына сай станция басындағы қозғалыс қауіпсіздігі, жүк тасымалы процесін жүргізу басты тақырып болды.

Алғашқы кезекте жастар еңбекті қорғау және өндіріс барысындағы техникалық қауіпсіздік тақырыбымен кеңірек танысып, диспетчерлердің міндеттемелеріне қанықты. Сонымен қатар пойыз қозғалысы, маневрлік жұмыстар және жұмыс барысында жиі жіберілетін қателіктер жайлы да мағлұматтар алды. Бұл орайда бөлімшенің логистика бөлімінің жүк диспетчері, оқытушы-практик Елена Гуржий тақырып аясында арнайы танымдық дәрістер өткізді. Сабақ барысында студенттер қауымы жүк тасымалы процесіне қатысушылардың рөлін көріп, сезінуге де мүмкіндік алды. Табло жұмысымен де танысты.

Практикалық дәріс барысы көрсеткендей, нақты мысалдар болса, ақпарат та жақсы меңгеріледі екен. Бұл ретте қызмет орнында болып, үдеріс барысымен танысудың әсері бөлектігі анық. Болашақ теміржолшылар аталмыш сала қызметкерлерінің жұмысына ерекше қызығушылық танытты. Сондықтан болар, жастар тарапынан қойылған сұрақтар да көп болды.

Суретті түсірген автор

ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕР ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ ШЕШІЛУДЕ

ҚАУІПСІЗДІК

Атырау вагон пайдалану депосында жағдай біраз ілгерілеп, материалдық-техникалық базасы нығайып келеді. Деподағы күрмеулі мәселенің бірі – қосалқы бөлшектердің жетіспеушілігі болатын. Бұл мәселе де біртіндеп шешіліп келеді.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Мәселен, өткен жылы көптеген қаржы бөлініп, оған аяқты кран, жиынтық колодка, бұранда, құлып, тежегіш башмақтың төлкесі, ішкі серіппе, швеллер, ажыратылған кран сияқты тағы басқа көптеген қосалқы бөлшектер мен техникалық құралдар сатып алынған.

Депоның қызмет көрсету аясы Астрахань облысына таяу Ақсарай станциясынан бастап Бейнеу мен Қандыағаш аралығын қамтиды. Осы аралықтағы вагондардың дұрыс жүріп-тұруына, бұзылмай, сынбай, мүлтіксіз екінші бір станцияға дейін жетуін қадағалап, тексереді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша депода қызметкерлердің кінәсінен апатты жағдайлар орын алмаған, сондай-ақ жұмыс барысында да тұтастай алғанда ақаулық кетпеген. Депо учаскесінде вагондардың бұзылуы немесе цистерналардан Мақат, Құлсары, Сазанқұрақ станцияларында құю барысында ВЧД-1 қызметкерлері кінәсінен сұйық жүктердің ағып кетуі болмаған. Бұл қызметкерлердің өз істеріне жіті көңіл бөліп, аса мұқияттылықпен өз міндеттерін атқаратындығын көрсетеді. Жүк пойыздарының 2 рет кідіруі

орын алған, оның негізгі себептері – негізгі техникалық күтім пункттерінде техникалық ақауы бар вагондарды ағыту, техникалық дайындықтың дер кезінде болмауы, тежегіш жабдықтарының ақаулығы сияқты мәселелер. Жалпы, станцияға тәулігіне ондаған вагондар келеді. Вагон қараушылар ақауларды тапқаннан кейін техникалық күтім не қызмет көрсету пунктіне жібереді. Бүгінде депоның 4 техникалық күтім және қызмет көрсету пункті, 2 бақылау пункті, 15 қауіпсіздік посты бар.

«Өткен жылы КТСМ арқылы 159 646 пойыз бақылаудан өтіп, жоспар 104% құрады. Вагон буксының қызуы салдарынан 32 пойыз тоқтатылды. Жыл басынан бері келіп түскен ақаулы вагондардың жалпы саны 1 216 болса, соның ішінде 665-і ашық вагондар ағымдағы ағытып жөндеуден өтті. Олардың көбінде доңғалақтардың және тежегіштердің ақаулығы болды. Сондай-ақ жолаушы вагондары бойынша 3705 вагон орнына 6428 вагон жоспарлы жөндеуге қабылданып, оның ішінде 784 вагон қайта жөндеуге жіберілді», – дейді депо бас инженері Рашид Мұсабаев.

Ұжымда жұмысшылардың біліктілігін арттыру мақсатында және қауіпсіздікті сақтау бойынша «Купе және плацкарт жолаушы вагондарының доңғалақ жұптарын ауыстыруды практикалық түрде үйрету» тақырыбы бойынша екі күндік техникалық сабақ, «Тежегіш жабдығына – ерекше бақылау» атты айлық аясында практикалық сабақтар, әртүрлі тақырыптағы айлықтар өтіп тұрады. Оған өңірдегі Ганюшкино, Атырау, Ақжайық, Махамбет, Мақат, Сағыз, Құлсары өндірістік-техникалық қызмет көрсету (ӨТҚК) пункттерінің басшылары, нұсқаушы, техникалық оқыту шеберлері, слесарь-жөндеуші, аға вагон қараушылар үнемі қатысады.

Депо жұмысшылары вагондарды қарау, қауіпсіздігін қадағалау, жолаушылар мен жүк пойыздарының уақытылы келуі мен кетуі, діттеген жерге ақаусыз, апатсыз жетуі үшін тер төгіп, еңбек етуде, рейтингілік бағалау бойынша да алдыңғы лектен көрініп жүр.

Суретті түсірген автор

ТЕХНИКАЛАР ЖАҢАРДЫ

ТЕХНОЛОГИЯ

Күн демей, түн демей, аяз-боран, қара суыққа қарамай, аптапты да елемей жол қауіпсіздігін қамтамасыз ететін теміржолшылар енді діттеген жеріне қиналмай жететін болды. Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты шаруашылықтарға жаңа автокөліктер берілуде.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

– Жаңа автокөліктердің бәрі көп кешіктірмей беріледі. Өткен аптада түрлі қызметтерге арналған автокөліктердің алғашқы легінің кілтін тапсырдық. Арнайы мамандандырылған көліктердің артықшылықтары бар. Қыста жылы, жазда салқындатқыштары аптап ыстықты сездірмейді. Бұл қадам жұмысты сапалы, жедел атқаруға көп септігін тигізеді. Ең басты мәселе – теміржолшылардың еңбек етуі үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылып жатыр, – дейді Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің директоры Сұлтан Буромбаев.

Мәліметке сүйенсек, ШЧ-34 Сарышаған, ШЧ-35 Шу, ШЧ-36 Жамбыл белгі беру және байланыс дистанцияларына 5 жүк-жолаушылар автокөлігі, теміржолшы бригадаларына арналған 3 мамандандырылған көлік, 3 мамандандырылған жедел әрекет ету автокөлігі сатып алыныпты.

Ал ЭЧ-21 Жамбыл, ЭЧ-22 Шу, ЭЧ-23 Сарышаған электрмен жабдықтау дистанцияларына 6 жүк-жолаушылар автомобилі, 6 жол талғамайтын мамандандырылған жедел әрекет ету машинасы, 3 жеті орындық бригадаларға арналған жүк көліктерінің кілті тапсырылмақшы. Сондай-ақ ВП-35 Жамбыл станциясына, ВП-36 Шу станциясына бір-бірден бригадаға арналған мамандандырылған жүк көліктері беріледі. Тағы 5 жол дистанциясына вахталық мамандандырылған автобустар сатып алынған.

Суретті түсірген автор

ТАУЛЫ ӨҢІРДЕ ЖОЛ ЖӨНДЕЛДІ

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ

Түркістан облысында 900 метр темір жол төсемі 18 сағат ішінде күрделі жөндеуден өтті. Шымкент пен Түлкібас аралығындағы темір жол телімінің 3 360-шақырымында тозығы жеткен ағаш шпалдар алынып, орнына темірбетонды рельс торкөздері салынды.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Түлкібас өңіріндегі Алатау сілемдерінің тау бөктерінде тартылған темір жол телімінің 3 360 шақырымы Жаскешу ауылының маңына тұспа-тұс келеді. Топографиялық картада бұл жерлер Қарақұс шыңы деп көрсетілген. Басын ақ қар басқан шыңның биіктігі 1 342 метр. Ал бауырын бойлай кесекөлденең салынған теміржол тармақтары теңіз деңгейінен 684 метр биіктікте орналасқан. Өткен апта осы аталған координаттар түйіскен нүктедегі маңызы жоғары стратегиялық нысанда ауқымды жұмыстар атқарылды.

Ақпан айында облыс аумағында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ға қарасты бірнеше мекеме, кәсіпорын жетекшілері мен жүздеген теміржолшылар атсалысқан жоба аясында қысқа мерзім ішінде 1 900 метр шойын жолға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оны Ағадыр машиналандырылған жол дистанциясы мен Шымкент магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Шымкент жол дистанциясының ұжымы іске асырды.

– Жалпы біз жуырда ғана жоспарлы толаскезде 1 шақырым жолға дер кезінде күрделі жөндеу жүргізгенбіз. Ал оған Жаскешу ауылының маңындағы 900 метрді қоссақ, бас-аяғы 1,9

шақырым жолды толық жөндеуден өткіздік. Бұл айтуға жеңіл, ал шын мәнінде күрделі жұмыс. Бірақ мамандарымыз өздеріне жүктелген тапсырманы тиянақты атқарып, сенім үдесінен табыла білді, – дейді Шымкент магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Жомарт Мырзабеков.

Оның айтуынша, мұндай жұмыстарды жүзеге асыруға дайындық жұмыстары бір ай бұрын, тіпті қажеттілік болған кезде 45 күн бұрын жан-жаққа арнайы хабарламалар жіберу арқылы ұйымдастырылады. Бұл – жылжымалы құрамдардың кестесі мен қозғалыс қауіпсіздігін қатаң сақтай отырып, сапалы қызмет көрсетудің бұлжымас қағидасы.

Ал еңбек көрігі қызған телімде 200-ге жуық жұмысшы «бір атаның баласындай» әрекет етіп, жұмысқа 20-ға жуық түрлі техника жұмылдырылғанын айтып отыр Ағадыр машиналандырылған жол дистанциясының Қарағанды колоннасы бойынша директор орынбасары Мұсатай Жұманов. Тапсырма талапқа сай орындалған.

«Өзімізбен бірге ала келген техникалардың қатарында МПД кранының бірі – тозығы жеткен шпал мен рельсті тұтасымен алып, жинап жатса, енді бірі темірбетонды рельс торкөздерін төсеп жатты. Әрине, оның арасында автогрейдер қиыршық тасты тегістеп, тағы бір техника нығыздап жатады. Сонымен қатар әрбір жұмысшының өзіне тән бекітілген міндетін мінсіз орындауының нәтижесінде жоспарымыз ойдағыдай іске асты», – дейді ол.

Мамандардың айтуынша, учаскеде 1 электробаластер мен жол жиегіндегі қиыршық тастарды тегістеп, нығыздайтын арнайы техниканың 3 данасы, 2 дана бульдозер мен бірнеше шаруашылық машинасы жұмылдырылған.

Әрине, мұның сыртында кәсіби түрде машықтанған адам араласпаса, іс өнбейтіні белгілі. Сондықтан да орайлы сәтте тәжірибесі толысып, біліктілігі жоғары жолшылардың ерен еңбегін атап өткен ләзім. Ал жол шеберлерінің легін дайындап, қалыптастыруда Шымкент жол дистанциясы ұжымының Ұлттық компанияға қосып жатқан үлесі ұшан-теңіз.

Бүгінде жас та болса бас болған Дәурен Даниярұлы жетекшілік ететін ПЧ-53 мекемесінде 369 адам жұмыс істесе, оның 245-і жол шебері санатында.

«Біздің ұжым Түлкібас пен Арыс арасындағы 3 378-ден 3 214-ші шақырым аралығында жалпы ұзындығы – 164 шақырым жолды күтіп, баптаумен айналысады. 19 ақпан күнгі 18 сағаттық толаскезге дайындықты тастүйін жүргізудің нәтижесінде Ағадырдан келген негізгі техникалар мен командаға өз тарапымыздан қосымша көмек ұсындық. Өзара бірлесіп, үндесе еңбек ету арқылы көздеген мақсатымызға жете алдық», – дейді жол дистанциясының басшысы.

Суретті түсірген автор

№20 (2950) 01/03/2024

БЕЗОПАСНОСТЬ НА УЧАСТКАХ

ОСМОТР

На участке Кызылжар – Жанаарка прошел плановый квартальный комиссионный осмотр.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

В ходе осмотра были рассмотрены вопросы содержания стрелочных переводов, закрестовинных кривых, состояния станционных путей и выполнения графика технологического процесса (ГТП) работниками ШЧ.

На повестке дня также стояли вопросы по исполнению требований должностных инструкций руководителями линейных предприятий.

– Помимо выполнения всех пунктов ГТП по графику и занесения в книгу осмотра напольных устройств, большое значение имеет и качество проверок, – считает главный ревизор департамента безопасности движения по Карагандинскому участку Булатбек Альмурзаев. – Необходимо соблюдение каждого пункта технологического процесса. При этом все они должны быть отмечены в специальном журнале. К примеру, если наблюдается отставание остряка от рамного рельса на четыре миллиметра и более, несоответствие критического расстояния в районе крестовины, разъединение межостряковых тяг, то это считается грубейшими нарушениями безопасности движения поездов, и ревизоры вынуждены принять запретные меры по закрытию стрелочного перевода для движения.

Следующая работа связана с путейской частью, где записываются размеры желобов рельсовых крестовин, износов, возвышения, понижения, выкрашивания остряка. На основании этих записей планируется работа по стрелочным переводам или смене остряка, регулировке желобов, приведению в соответствие мертвой зоны крестовины. Все проверочные мероприятия осуществляются ревизорским аппаратом и направлены на прямое обеспечение безопасности движения.

– Далее будут подлежать проверке другие участки. На сегодняшний день осталось осмотреть 1/6 часть отделения ГП и таким образом будет завершен квартальный осмотр. В последующем запланировано подведение итогов работы, проведение анализа и выдача соответствующих рекомендаций как линейным, так и региональным руководителям отделения ГП.

Фото автора

ПРЕДПРИЯТИЕ ВЫСОКОЙ КУЛЬТУРЫ

ИНФРАСТРУКТУРА

В Уштобинской дистанции сигнализации и связи на станциях Акузек и Кайракты была осуществлена замена устаревших постов ЭЦ. Кроме того, на станциях Тентек, Крушдаласы, Дос, Сайлы, Майтобе и Таурасы установлены модульные здания отдыха.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В соответствии с «дорожной картой» по реализации мероприятий по повышению надежности проведена замена реле НР на НМШ на станции Кайракты, а также проводятся работы по замене линзовых комплектов на светодиодные модули.

